*"Сөз мәнісін
білерлік кейбіреу бар,
Абайлар әрбір сөзді
өз халынша..."
Абай (1/54)*

# АБАЙ АСҚАҚ

**Республика Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев "Сындарлы қоғамдық диалог - Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі" атты Жолдауында "Халық үніне құлақ асатын мемлекет" тұжырымдамасын іске асырудың маңызына баса назар аударғанын білеміз. Мемлекет басшысы осылайша көпшіліктің көңіліндегі ойды тап басып, жүрегіндегі шаншулы сөзді жайып салған болатын. Жақында республикалық "Егемен Қазақстан" газетінде жарияланған мақаласында Қасым-Жомарт Кемелұлы өзінің жүрекжарды сөзін одан әрі дамыта келіп, "Заң үстемдігін және қоғамдық тәртіпті сақтау баршаға ортақ міндет екенін ұғынған жөн. Халықтың билікке деген құрметі болмаса - елдігімізге сын. Сондықтан азаматтарға, әсіресе, жастарға мемлекетті сыйлаудың мән-маңызын түсіндіру қажет. Осы ретте тағы да Абайдың мұрасына зейін қойған абзал", - деп атап көрсетті және билікке де, халыққа да парыз бен парасатты биік ұстауды еске салды.**

## 1. "КӨҢІЛСІЗ ҚҰЛАҚ..."

Қазақстан Президентінің әділетті пайымын ел-жұртымыздың терең түсіністікпен қабылдағаны айқын. Себебі, Абай - ұлы ақын ғана емес, ол сонымен қатар "әділетті қоғамды мегзеген" ұлы қайраткер деген жаңа әрі салиқалы тұжырым жасалып отыр."Ұлы ақын өзінің шығармаларында елдік мұратты асқақтатып, ұлт бірлігін биіктетті, - дейді мәртебелі автор Абай ұлағатын ерекше ардақ тұта отырып. - Ол әділетті қоғам құру идеясын көтерген. Демек, Абайдың көзқарастары XXI ғасырдағы Қазақстан қоғамы және оның береке-бірлігі үшін аса құнды. Хәкім Абайдың ұстанымдары өркениетті мемлекет қағидаларымен үндеседі".

Тағы бір атап айтатын жайт, тарихи-танымдық еңбекте "әділеттіліктің берік орнығуы" үшін заң үстемдігі мен биліктің ашықтығын қамтамасыз етуде мемлекет алдында тұрған міндеттер туралы мемлекеттік аппаратты бұлтартпастай байлам жасалды: "Ұлы ақын "Келелі кеңес жоғалды, Ел сыбырды қолға алды" дегенді бекер айтқан жоқ. Елге билік жүргізетіндерге жұрттың көңілі толмайтынын да аңғартады. "Сыбырдан басқа сыры жоқ, Шаруаға қыры жоқ" замандастарымыз көбеймес үшін билік халыққа әрдайым құлақ түріп отырғаны жөн".

Шынында да, қазіргі аса өткір мәселенің бірі де осы - бірін-бірі тыңдамайтын қоғам, әсіресе жұртшылық талабына жүрдім-бардым қарайтын билік органдары. Олардың халықтың мұң-мұқтажына еттері әбден өліп кеткен секілді. Сондықтан, тап қазір халықтың билікке деген құрметі төмен. Себебі, банкі бүлінсе - алған өзің, құрылыс компаниясы теріс айналса - келіскен өзің, тіпті көп бала тапсаң - "жоспарламаған" өзің... әйтеуір, бәріне кінәлі өзің. Олай болса, ашығын айтайықшы, сол банкіні де, құрылыс компаниясын да жарылқап, рұқсат (лицензия) беріп, оның көлкөсір табыс табуына жол ашатын сен - өзің емеспісің, билік!?

Бұл жұмсақтап айтқанда ғана. Ал, Турасына көшсек, жаңағы "жылмаңы сыртта, іші арам" (Абай), яғни "ілдім, жұлдым" пысықайлардың халықты текке жылатпауына сол Үкімет кепіл болуы тиіс. Бұған, тіпті титтей де күмән жоқ. Демек, "Ел жайын біліп, қансаңыз,/ Айтайын құлақ салсаңыз" (Абай, шығармаларының екі томдық толық жинағы, "Жазушы", 2005 ж. 1-ші том, 136-бет немесе (Абай, 1/136)- бұдан былай осылай көрсетеміз). Алпауыт банк жүйесіне ақшасымен бал жалатып, құрылысты қаржысымен жарылқап отырған халыққа кінә арту - кешірілмес күнә!

Бізге халық үніне құлақ асатын мемлекет керек болатыны да содан. Осыны республика Президенті тап басып, билік органдарын тапжылтпастай мойындата айтып, халыққа "сөз түзелді, тыңдаушы, сен де түзел" (1/73) дегенді аңғартады. Амал қайсы, әзірге билік, екі оттың ортасында қалғандай, тыпырлақ халде. Бір жағында етжақыны халық жыласа, екінші жағында тағы да бөтені емес, өз банкісі мен компаниясы жалаңдайды. Алғашқысы адал еңбегімен тапқан табысын жоғалттым деп жаны шырқыраса, соңғысы "өзіміз ғой" деп өзеурейді.

Бірақ, "Көңілсіз құлақ" тыңдар ма, тіпті тыңдағанмен ұғар ма?! "Басы ауырмағанның, басқамен ісі жоқ". Осыны бәріміз де көріп, біле тұра керең біз. Билік тізгінін ұстағандар өз алдына, тіпті былайғы жұрт күнделікті тұрмыста да бір-бірімізді тыңдаудан қалдық. Себебі, Абай айтқан "... ұялмас нәрседен ұялатын, ұяларлық нәрседен ұялмайтын" бишігештер басымызға шығуда. Жаңағылар басқаны былай қойғанда, ана тілін білмеуден ұялмайды, зәулім сарайы мен қымбат көлігін көлбеңдеткені, "асарлатып" ұланасыр той жасағаны өз алдына, табақтағы ас-суын ғаламторда таратудан қысылмайды. Ондайлар, тіпті парамен құрықталып жатса да "жалғыз біз бе екен!?" дегендей, беттері бүлк етпей, жығылған бала секілді жамбасын бір қағып жүре береді.

Ендеше, біздікі "Абай сәулесі - ұлы ақын сөзі қарындасқа жетер ме" деген тілек қана... хакімді түңілткен "көңілсіз құлақ" қой бұл.

## "ҚИНАЛМА БЕКЕР, ТІЛ МЕН ЖАҚ"

Ұлы Абай ұрпаққа "Біріңді, қазақ, бірің дос, Көрмесең істің бәрі бос" деген аманат қалдырыпты. Тілектес дос болу үшін, ең алдымен, бірімізді біріміз тыңдауға үйренуіміз қажет. Бұл, егер "ақылға еріп, бойды жеңсек", биліктен бұрын, біздің әрқайсымызға қатысты. Өйткені, мемлекеттік аппарат құлағын ұстаған шенеуніктер де өзіміз секілді "ауызбен орақ оратын", құлағы мүкістеу пенделер. Құлық жоқ па, әлде тұрмыстың құлына айналдық па, әйтеуір, өзара тыңдаудан қалғанымыз шындық. Алайда, адам қоғамына әуелден тән осы бір "сырқаттың" соңғы уақытта асқына келіп, таскереңге айналуға шақ қалғанымыз да өтірік емес.

Зейін қойсаңыз, Абай еңбек пен елжандылықты, өнер мен білімді, адалдық пен әділдікті, махаббат пен ғазауатты өз өлеңіне арқау ете отырып, ең бастысы, адам бақытын жырлайды. Алайда, замандастары "Түзу бол деген кісіге, Түзу келмес ырықтап" дегеннің кебін киді. Ал, бұған қандай дауа бар, хәкім қандастарына тірлік мәнін түйсінте алмай, уланғандай дертті: "Қапамын мен қапамын/ Қуаныш жоқ көңілде" (Абай, 1/36), "Баяғы жартас - бір жартас, Қаңқ етер, түкті байқамас" (1/92). Енді қайтпек керек, әркім өз басымен өзі әлек. Сана суалып, тұрмыс төбемізге өрнек құрады. Шарадай басымыз - қазандай, қитұрқы технология мен ағыл-тегіл ақпарат ақыл көзін тұмшалай түсуде.

"Көңілсіз құлақ - ойға олақ" (Абай, 1/88). Тірлікте пендең, әйтеуір тыным таппайды. Өзі алашапқын болғанымен қоймай, өзгенің дегбірін қашырады. Кітап оқығанда да маза жоқ. Ұлы ақынның "Адамның адамшылығы істі қалай бастағандығынан білінеді..." деген терең тағылымын "қалай аяқтағанынан да білінеді" деп, толықтырмақ болатындар да сондайлар. Тіпті, Абай сөзінің де байыбына бармайды-ау, шіркіндер. Құлқы жоқтың, құлағы да жоқ. Сіз білесіз бе, Абайға дейін Қаламқас атауы да болмаған. Ұлы ақынның өлеңіндегі "Айттым сәлем, қалам қас" дегенді "Қаламқасқа сәлем айтқан-ау" деп, өзімізше кесіп-пішіп, іліп ала жөнелсек керек. Онымыз да теріс болмағандай, қыздарымыз әпәдемі Қаламқас есімін тұмардай тағынды.

Алғашқыда Абай сөзінен маған да аз ғана сыбаға тиді. Баяғы мектеп қабырғасында жаттағандарым. Мида әбден қатталғандар. Әйтеуір, енді-енді ғана Абайдың ой-теңізіне шомып, соны айдында желкен көтерген секілдімін. Оқу мен ойдың шалқары өз тереңіне тартып, хәкім сөзінің сәулесі көкірегімді аша берді. Бірақ, бәрібір уақыт керек. Ақын кенішіне бойлаған сайын көз алдымдағыны жаза танымағанымды аңғарамын: "Сырты күміс, іші алтын". Хәкімнің өзі айтпақшы, "Біреуі олай, біреуі бұлай қарап, Түгел сөзді тыңдауға жоқ қой қазақ" (1/76). Біз де сол қазақтың бірі ғанамыз. Кештеу аңғарыппын, ал енді дәмін алған сайын қуанамын әрі тапқан олжаммен бөліскенше асығамын.



**Суреттің авторы - Қазақстан Суретшілер одағының мүшесі Нұрбұлан Өтепбаев**

Абай сәулесінен қайрат та, ақыл да, мейірім де алады екенсің. Жаназығы деген осы: ұлы ұстаз ұлағатымен жүрекке жүгінеміз. Ол күйгелек халде: "мұнша "алтыннан" басым айналып, қазына "аралынан" қайтып орала алмай қалсам ше?" Өйткені, уақыт-тұлпар ешкімді күтпейді, бақ пен бапқа да, даңқ пен таққа да пысқырмайды. Ал, өз басым ақынның "неден күйген, нені сүйген" сырын жеткізгенше мазам қашады. "Бұл сөзді тасыр ұқпас, талапты ұғар" дейді хәкім. Ләкин, ұлы тұлға ертеңіне мығым еді. "Арттағыға сөзің мен ісің қалса,/ Өлсең де, өлмегенмен боласың тең" немесе "Өлді деуге бола ма, ойлаңдаршы,/ Өлмейтұғын артына сөз қалдырған". Тірлік мәнін түйсінгендей толғанасың, енді ешкімге ренжімейтін, өткенге өкінбейтін боласың, жарасымды сабыр табасың. Бірақ, кәусар бұлақтың басына бала жастан тізе бүгіп, сусыныңды сәл де болса, ертерек қандыра алмағаныңа бәрібір жаның шөліркейді. Рас, мектеп қабырғасында ұстаздарымыз Абай ұлағатын сіңіруден аянбады.

Ендеше, Абай қазынасына неге бұрынырақ жетпегенбіз? Ақын сөзінің шуағына сәл де болса ертерек шомылып, жүрегіңді желбірете алмағаныңа жаның жүдейді тағы да. Жоғары оқу орнында да белгілі ғалымдардан дәріс алдық. Олар да әдебиетті ғұлама Әуезов үлгісімен, ерлік пен елжандылық тұрғысынан оқытып, тоқытудан жалыққан емес. Бірақ, енді ғана Абай аспантауына көкірек көзімен арбалып, оның етегіне аз да болса ертерек жете алмағаныңа бәрібір көңілің құлазиды. Бір жақсысы, тым құрыса, енді созуға болмайтынын ұғасың. Жүрегің ашылып, айналаңмен жарқын жүз, жақсы тілекпен жүздесесің. Көңілің марқайып, жаның жадырайды. Абай сөзіне құныға тесілесің. Содан сабыр тауып, жігерің қанаттанады. Кештеу де болса, Абай сәулесімен оятқан Аллаға мадақ айтасың. Көкірегіміз ашылып, ақын қазынасын қуана ақтарасың. Оқып үлгергің және тезірек арқатірек тапқың келеді. Сонда бізге, ақын ізімен сапарға шыққандарға Абай сөзі өмірлік адал серік екен.

Абай - теңіз ғой, әйткенмен...алаң көңіл толқулы. Өзім таныған және қойыны-қонышыма мүмкіндігімше сыққита жинаған жауһарды замандасқа тезірек жеткізгім келеді. Шындығында ол теңіздің тереңіне бойлау үшін бірнеше немесе бір топ жанның, тіпті бірнеше заманның ауқымы